

#9

(945)

5 мамыр
2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

Ержан ТӨЛЕК:

АҚПАРАТТЫ
САРАПТАЙ БІЛУ –
САУАТТЫЛЫҚ
БЕЛГІСІ

3-БЕТ

АМЕРИКА:
ТАҒЫ БІР БАНК –
БАНКРОТ

5-БЕТ

БЛОГЕР
МӨРТЕБЕСІН
АЙҚЫНДАУ КЕРЕК!

6-БЕТ

Қазақстанда
30 ЖЫЛТабысты серіктестікке
30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырып алып қуаттың көзіне айналды. Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды. Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтындаthe
human
energy
company®
Chevron

Brent \$73.83

USD 444.5 T

EUR 491 T

RUB 5,45 T

МИНБЕР

**ТҰРАҚТЫЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ
ҚАБЫЛДАҒАН СЫНДАРЛЫ
САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.**

**БҰЛ ЖӨНІНДЕ ПРЕЗИДЕНТ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:
«БІЗ «БІРЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ
БОЛМАСА, САЯСИ-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР
ЖҮЗЕГЕ АСПАЙДЫ» ДЕЙМІЗ.
ӘРИНЕ, БҰЛ – ДҰРЫС ПАЙЫМ.
БІРАҚ БІРЛІК ДЕГЕНІМІЗ
МАҚСАТЫМЫЗҒА АПАРАТЫН
ЖОЛ ҒАНА ЕМЕС. БҰЛ –
МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗДІҢ ЕҢ
БАСТЫ ТІРЕГІНІҢ БІРІ», – ДЕДІ.**

XXI ғасыр – технологиялық прогресс дәуірі. Әр адам ақпаратты дүниенің қай бұрышында да тұтыну мүмкіндігіне ие болды. Қазір ақпараттық соғыс әлеуметтік желілердің арқасында күшейіп отырғаны да рас. Елдің ішкі тұрақтылығын бұзуға ұмтылған бөгде мақсаттағы топтар көбінесе әлеуметтік желілерді пайдаланады. Жоғары технологиялар әлемнің кез-келген нүктесінен шалғайдағы ауыл тұрғындарына тікелей әсер ету мүмкіндігін беріп отыр. Керісінше, ең шалғай аумақтағы адамдар өз дауысын бүкіл ғаламға жеткізуге мүмкіндігі бар.

Қазір кез-келген аумақтағы, ауылдағы этникааралық шағын түсініспеушіліктер тіпті мемлекетаралық үлкен қақтығыстарға әкелетінін әлемдегі геосаяси жағдайлар көрсетіп отыр.

Сондықтан Мемлекет басшысы Қазақстан Халқы Ассамблеясының еліміздің әр өңірінде жұмыс істеуін шегелеп айту себебін түйсінуіміз керек.

Астанада Мемлекет басшысы атап өткен мәселелердің ең шалғай ауыл тұрғынына дейін дұрыс түсіндіруіміз маңызды.

Қазақстанның көк паспортының иесі жер шарының кез-келген түкпірінде қазақ деп қабылданатынына куә болып жүрміз.

Бұл орайда Президент: «Біздің көк паспортымыз бен көк байрағымыз – тарихымызбен астасқан және миллиондаған адамның жүрегінен орын алған бірегейлігіміздің нағыз

айтылып жүрген жел сөзді тоқтатты десе болады. Бұл қоғамдық институт ел келешегіне белсенді қызмет етіп, еліміздің ұйыстыруы керек.

Дүниежүзілік дүмпулер мен саяси оқиғалардың шиеленіскен кезінде ішкі тұрақтылықты сақтау – өзекті мәселе. Мемлекет тұрақтылығы үшін бейбітшілік пен өзара үндестіктің маңызы зор. Ассамблея

ТҰРАҚТЫЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ



да бірлігіміз бен татулығымызға сына қаққысы келетін кез келген арандатушылық алдын алатын, тосқауыл қоятындай әлеуеті болу керек.

Мемлекеттің мызғымас тәуелсіздігін түртуге ұмтылып, теріс пиғыл танытатын экстремизм және сепаратизм сипатындағы әрекеттердің алдын алу міндет.

Этникалық түсініспеушіліктер туындамауы үшін әр ауылдық аймақта ақпараттық-түсіндірме жұмыстар жүйелі түрде, белсенді түрде жүргізілуі тиіс. Мемлекеттің бұл бағытта этносаралық қатынастар саласындағы саясатын түсіндіру маңызды. Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қадамдар жасалуы уақыт оздырмай шешетін мәселе.

Біз іргелі басымдықтарымыз бен құндылықтарымызды сақтауымыз керек.

Мемлекетіміздің мүддесі үшін адал қызмет ету – баршамыздың ортақ парызымыз. Еліміздің бірлігі нығая берсін.

символы. Біздің паспортымыз этникалық шығу тегіне, діни ұстанымына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, адамды Қазақстан Республикасының азаматына тиесілі құқықтармен және міндеттермен толық қамтамасыз етеді. Біздің паспортымызды иелену халықаралық аренада беделді елдің азаматы болу және дүниежүзін кедергісіз шарлауға мүмкіндік алу, өзіңді қазіргі әлемнің ажырамас бөлшегі ретінде сезіну дегенді білдіреді. Демек бұл – азаматтарымыз әрдайым және барлық жерде өз мемлекетінің қорғауында болады деген сөз», – деді.

Мемлекет басшысы Ассамблея туралы соңғы жылдары қоғамда



БИБИГҮЛ ЖЕКСЕНБАЙ, СЕНАТ ДЕПУТАТЫ

МЕНІҢ ПІКІРІМ

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ПЕН АДАМНЫҢ ОЙ-САНАСЫН АЛДАП-АРБАЙТЫН ӨТІРІК ХАБАРҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ ҚОҒАМДА ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ БАЯНДЫ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТІНЕ АЙНАЛДЫ. JAS QAZAQ-ТЫҢ «МЕНІҢ ПІКІРІМ» АЙДАРЫ БАҚ МАЙТАЛМАНДАРЫНЫҢ ОСЫ ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ ОЙ-ПІКІРІН ҰСЫНАДЫ. АЙДАРДЫҢ БҮГІНГІ ҚОНАҒЫ – ЖУРНАЛИСТ ЕРЖАН ТӨЛЕК.

Коронавирус өршіп тұрғанда «кесел жер бетіндегі адам санын азайту үшін пайда болды, оның емі жоқ» дейтін ақпарат қаптап кетті. Оқығанның бойында үрей мен қорқыныш ұялату, жігерін жасытып, уайымшыл, боркемік болуын көздейтіндер осылай гибридтік соғыстың отын үрлейді. Тасада жатып, ажалға итермелейтін қаскөйдің қатерлі де қорқынышты қаруы – сананы арбау. Замануи тілге көшсек, ақпараттық манипуляция. Әлі оң-солын танымайтын балақайдың ой-танымына жасалатын психологиялық шабуылға тосқауыл қою өзге мемлекеттер секілді, біздің елімізде де көкейкесті міндетке айналды. Соның дәлеліндей, өткен айда бекітілген Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасында осы мәселеге айрықша мән берілген. Құжатта «Медиа кеңістікте түрлі манипуляторлық технологияларды пайдалана отырып, арандатушы және беделін түсіруші контентті тарату қаупі азаматтардың, әсіресе кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын көрсетеді» деп айтылған. Әлемдік тәжірибеде қауіпті құбылыспен күрестің түрлі тәсілдері бар. Біздің ойымызша, отандық медиа кеңістікте ақпараттық манипуляция мен жалған ақпаратқа тосқауыл қоюға қатысты арнайы жобаларды дамыту қажет. Ең алдымен мәлімет пен деректі тұтынушының сауатын арттыру, ақиқат пен жалғанның



Ержан ТӨЛЕК:

АҚПАРАТТЫ САРАПТАЙ БІЛУ – САУАТТЫЛЫҚ БЕЛГІСІ


аражігін ажырата алатын дәрежеге жеткізу сияқты амалдарды қолға алған жөн. Оның бірден-бір жолы — сол әлеуметтік желіде, дәстүрлі БАҚ-та дереу үн қату, сананы арбаушы манипуляторлардың жымысқы, дұрысы, қылмыстық әрекетін әшкерелеу керек. Бұл ретте фактчекингтің рөлі маңызды екені айтпаса да түсінікті шығар. Тарихқа жүгінсек, адам санасына, қоғамға, тіпті, тұтас бір елге ықпал ету үшін алдап-арбау, жұрт арасында үрей туғызып, дегеніне көндірудің санқилы сорақы тәсілдері қолданғанын білеміз. Ал бүгінде

жаңа коммуникация құралдарының дамуымен медиа манипуляция яғни ақпарат арқылы адастыру әдістері күрделене түсті. Геосаяси ахуал шиеленісіп, алпауыт мемлекеттер арасындағы мүдделер қақтығысы өршіген сайын манипуляция ақпараттық-психологиялық соғыстың алдыңғы шебіне шықты. Соңғы жылдары пандемия, Қаңтар оқиғасы, сондай-ақ, Ресей-Украина қақтығысы төңірегінде таралып жатқан жалған ақпарат көп. Олардың бір бөлігі қарапайым тұрғындар арасында үрей туғызуға бағытталған. Немесе, «қақтығысқа қатысушы елге қару жөнелтті» дейтін қып-қызыл өтірікпен арандату сипаттағы ақпаратты таратып, манипуляциялық мазмұнға ие контенттерін таратқандарын көріп отырмыз. Бұл жерде көбіне әлеуметтік медиа арқылы адамның жанды жеріне «соққы жасайтындардың» қулық-сұмдықты,

айла-шарғыны, арандатудың небір зымиян тәсілін пайдаланады. Сондықтан мұндай соғысқа әрдайым дайын тұрумыз қажет. Жалпы халық діни, психологиялық, ақпараттық диджитал манипуляция сынды арбаулардың жетегінде кетпеу үшін алда ауқымды міндеттер тұр. Атап айтқанда, халықтың ақпараттық сауатын арттырып, сыни ойлау қабілетін дамыту көңіл бөлуге тиіспіз. Ол үшін балабақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейін ақпараттық сауаттылық бойынша оқу бағдарламасын енгізген жөн деп есептейміз.

Kazakhstan

GDP Growth Forecast




Find out more in ADB's Asian Development Outlook April 2023

www.adb.org/outlook


#ADO2023

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ КӨЛЕМІ 2022 ЖЫЛЫ **3,2** ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАДЫ. БИЫЛҒЫ БОЛЖАМ БОЙЫНША - **3,7%**, АЛ 2024 ЖЫЛЫ **4,1%** БОЛАДЫ. АЛДАҒЫ ЖЫЛҒЫ ӨСІМГЕ ІРІ КЕНІШТЕРДЕ МҰНАЙ ӨНДІРІСІНІҢ АРТУЫ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ. НЕГІЗГІ ЭКСПОРТТЫҚ ШИКІЗАТ ТАУАРЛАРЫ БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІ ИНВЕСТИЦИЯНЫ ЫНТАЛАНДЫРЫП, ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІКТІ КҮШЕЙТЕДІ. ДЕГЕНМЕН РЕСЕЙГЕ САЛЫНҒАН САНКЦИЯ ОСЫ БОЛЖАМҒА ӘСЕР ЕТУІ ЫҚТИМАЛ.


ИНФЛЯЦИЯ



ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



ӨНЕРКӘСІП



НАҒЫЗ НАРЫҚТЫҢ ЗАҢЫ ҚАТАЛ. БАНКРОТҚА БЕТ АЛҒАН ҚАРЖЫ ҚҰРЫЛЫМЫН ҚҰТҚАРУ ҚИЫН. ТЫҚЫР ТАЯНСА, ПӘЛЕКЕТТІҢ АУЫЛЫ АЛЫС ЕМЕС ДЕГЕН СӨЗ. БҰҒАН ДӘЛЕЛ – ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ БАЙ МЕМЛЕКЕТТЕ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ҮШІНШІ БАНКТІҢ ТАҚЫРҒА ОТЫРУЫ. БҰЛ ЖОЛЫ КАЛИФОРНИЯДАҒЫ FIRST REPUBLIC BANK (FRB) ЖАБЫЛЫП ТЫНДЫ.



АҚШ-та алпауыттар қатарына кіретін банк Федералдық депозиттерді сақтандыру корпорациясына (FDIC) берілді. Қаржы құрылымы осы аптаның басында мәлімдеме жасап, салымшылардың мүддесін қорғау мақсатымен JP Morgan Chase банкімен келісім жасалғанын хабарлады. Мәмілеге сәйкес, First Republic-ке тиесілі активтер мен салымдар осы банктің меншігіне өтеді. Әрине, тегін емес. Сатып алады. Банктің елдегі 8 штаттағы 84 бөлімшесі енді JP Morgan-ның маңдайшасын іліп, қайта ашылады.

Федералдық корпорация келтірген көрсеткішке жүгінсек, FRB тақыр кедейлер қатарына жатпайды. 13 сәуірдегі есеп бойынша, оның активі 229,1 млрд доллар, ал барлық салым мөлшері 103,9 млрд доллар еді. Бірақ алмақтың да салмағы бар дегендей, жаңа қожайынға 173 млрд долларлық несие және құны 30 млрд долларды құрайтын құнды қағаз иелерімен есеп айырысу үшін бас қатыруға тура келеді.

Бір ай бұрын (13 наурыз) биржадағы сауда-саттықта банк (First Republic) акциясының құны 62 пайызға, яғни 87 доллар 76 центтен 31 доллар 21 центке дейін арзандады. Ақпан айында 123 долларға сатылған ақшалы қағаз

наурызда 15 долларға да жетпей қалды. Ал 28 сәуірде акциялар бір күнде 43,3 пайызға құнын жоғалтып, 3 доллар 51 центке дейін құлдырап кетті.

Бұдан бұрын жазғанымыздай, ақшалай әлеуеті жағынан Американың 16-шы банкі әрі технологиялық стартаптарды қаржыландырып келген Кремний ойпатындағы Silicon Valley акцияларының 60 пайызынан айрылып, банкротқа ұшыраған еді. Іле-шала Нью-Йорктегі Signature Bank те қаржылай міндеттемелер алдында өзінің дәрменсіз екенін мойындады.

Сарапшылар Американың қаржы нарығындағы ахуалға тұрақсыздық хакім бола бастады деген пікірде. Тіпті 1929 жылы американ экономикасын астаңкестен еткен «Ұлы тоқыраумен» қорқытып жатқандар да бар. Олар бұған негізгі себеп ретінде Федералдық резерв жүйесінің (FRS) пайыздық мөлшерлемені үстін-

үстін көтеріп жатқанын айтады. Мұндай пікірдің жаны бар. Өйткені Орталық банктің жылдар бойы 0,25-тен аспаған мөлшерлемесі бүгінде 5 пайыздың ар жақ, бер жағында. Сондай-ақ күллі дүниені шарпыған инфляция да несиенің едәур қымбаттауына әкеп соқты. Бұған қоса, өткен жылғы қазан айында 31 трлн доллардан асқан АҚШ-тың мемлекеттік қарызы да жергілікті банкирлерді алаңдатпай қоймайды. Содан шығар, тағы бір алпауыт – Morgan Stanley инвестициялық банкі қызметкерлерінің 5 пайызын қысқартатынын жария етті. Бұл аз емес, 3 мың адам. Жұмыссыз қалатындардың дені сол инвестиция мен құнды қағазбен айналысатындар білікті мамандар көрінеді.



**САЙЫЛ
СМАЙЫЛ,**
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШОЛУШЫ

ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНДЕГІ «АУЫЛ» ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР Ә.СМАЙЫЛОВ ПЕН БАС ПРОКУРОР Б.АСЫЛОВҚА ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ ЖОЛДАДЫ. ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ СОҢҒЫ КЕЗДЕ ТЫМ ТАЙРАҢДАП КЕТКЕН БЛОГЕР ҚАУЫМЫНА ТЕЖЕУ САЛУ КЕРЕКТІГІН АЙТЫПТЫ. JAS QAZAQ ТІЛШІ ҚАУЫМНЫҢ ОЙЫНАН ДӨП ШЫҚҚАН ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДЫ ЖАРИЯЛАУДЫ ЖӨН КӨРДІ.

Осыдан он шақты жыл бұрын «блогер» деген сөз қазақ қоғамына алғаш енгенде – біз оларды сапалы контент жасайтын жас мамандар деп қабылдаған едік. Алғашында, бәлкім» солай болған да шығар, бірақ қазір «блогер» деген кім?

Қазір өзін блогермін деп жүргендердің дені – ақпараттың рас-өтірігін тексермей, оңай жолмен баю мақсатында кез келген адамға жала жабудан тайынбайтын, бопсалап ақша табатын, атаққұмар, елдің берекесін бұзып, қауіпсіздігіне қатер төндіретін сауатсыз адамдар.

Өзін блогер санап жүргендердің басым бөлігі шын мәнінде блогтың не екенін түсініп жүр деп айта алмаймыз. Көпшілігі ел алдындағы беделін, атақ-дәрежесін пайдаланып, халыққа көмек жасап жатқандай сыңай танытып, әлеуметтік желілерде түрлі «хайп» ұйымдастырып әлек.

Дәл осы блогерлер талай жылдан бері ұмыт болған қаржылық пирамиданың жандануына да себеп болғанын бәріміз жақсы білеміз. Сол алаяқтарға сеніп қалған

қаншама адам суицид жасады, қаншауы денсаулығынан айрылды, тағы қаншамасы үйсіз-күйсіз қалып, қаңғырып кетті?! Олардың обалы кімге?

Елде болып жатқан түрлі әлеуметтік жағдайларды өз ыңғайына бұрмалап, оған

кеткендейміз. Бұл – қоғам үшін де, мемлекет үшін де қауіпті құбылыс.

Ал мұның бәрі біздегі заңнамада блогер мәртебесі айқындалмағаннан. Жауапкершіліктің жоқ екенін сезінген мұндай адамдар әрине, ойына келгенін істейді.

БЛОГЕР МӘРТЕБЕСІН АЙҚЫНДАУ КЕРЕК!



ұлтаралық рең беріп, елге жалған ақпарат таратқан блогерлердің де ісі майшаммен қаралуы керек еді. Расталмаған қауесеттің әлеуметтік желі арқылы тез тарауынан Қордай оқиғасының немен аяқталғаны бәріңізге мәлім.

Жеке азаматтардың ішкен-жегенін, киген киіміне дейін аңдып, қоғамда кибербуллинг жасап жүрген блогерлер тобы тағы бар.

Өкінішке қарай, өмірге деген көзқарасы енді қалыптасып келе жатқан жастарымыз осы блогерлерге еліктеп, жатыпішерлікке әуестеніп барады, олар ұлтымызға жат мәдениет пен теріс идеологияны бойына сіңіріп жатыр. Сондай-ақ, осы блогерлердің сөзіне сеніп, шетелге күндікке түскен қыздарымыз қаншама?!

Біз қысқа ғана уақыт ішінде сөзі мен ісіне жауап бере алмайтын блогерлердің отанына айналып

Көпке топырақ шашудан аулақпын. Халыққа шын жанашыр блогерлер де біздің елде жоқ емес. Көп балалы, жалғызбасты аналарға, мүгедек жандарға жәрдем беріп, әлеуметтік желі арқылы халыққа пайдасын тигізіп жүрген жерлестеріме тек бас иемін. Оқырманға қызықты әрі пайдалы ақпарат таратып, жеке блогын жүргізіп жүргендерге де айтар дауымыз жоқ.

Бірақ әлеуметтік желілерін пайдаланып, азаматтар мен ұйымдардың құқығы мен заңды мүдделеріне зиян келтіретін жалған ақпарат таратқаны үшін оларға қолданылатын шара қарастырылмаған. Сол себепті оларда ешқандай жауапкершілік жоқ. Артын зерттеп, шындық па, жоқ па бастарын қатырмайды. Бастысы – шу. Бастысы – сөз.

Кімнің болмасын алдында дікіндеп, беттен алып, жеке басына тиіседі. Сөз бостандығы деген осы ма? Біз осылайша тұтастай бір мамандықты қор қылып отырмыз. Журналистердің көбі жұмыссыз! Олардың білімі де, талабы да бар. Олардың блогерлерден айырмашылығы – әдепті, сондықтан да жұмыссыз.

СЫҚАҚ АҢГІМЕ

Біздің баяғыдан арғыдағы Алдар көсе атты әулие шалымыз: «Армансыз адам жоқ, ал болса, онда ол адам емес!» деген көрінеді. Жарықтық-ай, оншама тұнық емес бұл тұжырымын кімнің төрінде жатып, қандай күйде айтып тастады екен? Миының бүлкілінде мін болмаған қайран қариямыз бағдарламасын тым арыға жасамаған-ау, әйтпесе, ұланғайыр даладағы ұрпағының әрі армансыз, әрі адам біреуі түптің түбінде жердің бір тесігінен тырмысып шығуы немесе



АНАУБАЙ МЫНАУ



аты. Бұрын, тәуелсіздік ала алмай жүргенінде, Анаубай жолдастың ныспысы Мынауов болатын, кейін, тәуелсіздікке қолы жеткен соң, Анаубай мырза ныспысының құйымшағындағы «ов»-ты Ресейге қайтарып беріп, заманымызға сай «МЫНАУ» болып шыға келді!

Сонымен, жолдас Анаубай Мынау мырзаның армансыз екеніне өзінің көмегімен көзім қалай жеткенін төкпей-шашпай баяндап берейін.


Осыдан жарты жыл шамасы бұрын біздің атақты Темірқаңылтыр министрлігіміздің «Сым» газетінде: «Бәйге! Бәйге!» деп борбайлаған бір хабарлама шыға қалды. Бас салып оқысам: соңғы төрт жыл бойы тәлтіректен, қаңтарыла

қатпар-қатпар жартастардың бір жықпылынан табылуы мүмкін екенін ойлап білсе керек еді. Әулиеліктен жұрдай мен, мысалы, жер шарын шарламастан, Алматыдан-ақ армансыз адамның табыларына тіпті ұйықтап жатып та шүбәланып көрген емеспін! Ал оған енді күліп отырып (жылағаннан құдай сақтасын!) куә бола аламын. Ол армансызымыз – Анаубай МЫНАУ! Мынау – Анаубайдың әкесінің



(Жалғасы 8-бетте)

СЫҚАҚ АҢГІМЕ



жаздап жүрген министрлігіміз бізде пайда бола қалған шетелдік компаниялардың біреуінің, «Ундкайрат» дегенінің, қолтықтауымен (бергеніне шүкір!) есін тез жиып, «Өндіріске тиімді озық жаңалыққа» 1 миллион доллар бәйге беретіндерін айтыпты. Өй, қуанғаным-ай! Мен де айлықақымды үйреншікті уақытында көре алмай, аузым уылып, қор бола бастап едім, неге ғана желпінбейін?! Шат-шадыман болғаным сонша, арзандап бара жатқан теңгеміздің есебінен ең әуелі министр мырзамыздың жалақысын дереу өсіруді маңызды мәселе етіп, президентке ұсыныс жасасақ деген су жаңа ой сап ете қалды, екі шекесі солқылдап жүрген басыма. Е, неге өйтпеске?! Үйімізде бір күн бар, бір күн жоқ газ-маздың, электр-мелектрдің, жалпы пәтерақының төлем құнын ай күрғатпай арттыратын министрлер айына 690 000 теңге (өсегі өрістілер «доллар!» деп те айтады) алатын сияқты, сонда біздің министр, байғұс бала, 680 000 теңгеге мәлиіп отыра беретіндей, немене, маймылдан туып па?!.

Обалы кәне, бұл бағалы ойымды оятқан адам да – біздің Анаубай. Екеуіміз – құдайы көршіміз. Ол басындағы артық-ауысын маған сыбырлайды, мен онысын айғайға айналдырамын... Оның әзірше соңғы сыбыры мінеки:

– Әлгі... «Қайрат» компаниясы айғақтаған жүлдені жекешелендіретін комиссияның он бір мүшесі бар екен. Бәрі де бұрында сан бәйгені байлап-матаған, «сен тоңқай, мен тебейін!» көрінеді. Алқынбай-жұлқынбай астыртын барлау жүргізіп бақсам, он бірдің алтауын, яғни елу бір процентінен көбін ағалап-жағалауға мүмкіндігім бар!

Кірістім!..

Анаубайдың айызы қанып ағытқан ұзын сөзін үш есе қысқартсам... алғашқы күні етігінің тұмсығы бір мықты мүшенің табалдырығына тіреліпті. Онысы екінің бірінің ермегі болмаса

да, қызыл сөмкені құшақтап жеткен Анаубайыңыз оның алды-артын орап-шымқап, шегінер жер қалдырмапты. Ары-бері ырғастың ақырында Анаубай: «Бұл жолы жүлдесіз тотығанша сіздің босағанызда борсып өлем!» деген екен, онысының екі көзі екі құлағына қарай жылжып кетіпті.

Ал комиссияның екінші мүшесін суретке түсірердей сылап-сипап отырғызып қойып, пышақты болат егеумен қайраудың тақыс-тәсілі туралы 45 минут лекция оқып, «темекі тартып алалық!» деп бес минутке үзіліс жариялағанында екіншісі кезерген ерінін әрең кимылдатып: «Бұның немене?» депті. «Бұным – менің сіз жүлде

АНАУБАЙ



беретін бәйгеге жіберген, «Пышақты тас қайрақтармен тұрақты түрде қайраудың өндірістік зияны, болат егеумен тұрақты түрде қайраудың экономикалық пайдасы» деп аталған ғылыми жаңалық ұсынысым. Оны Дөкеңнің өзі, өзі ұнатқан. «Жүлдеге өте лайық» деген депті Анаубай, көзге түскен көк сөмкесін іргеке қарай сырғытып жіберіп.

СЫҚАҚ АҢГІМЕ

Үшінші кезекте барғаны өзі де өңешін жуып-шайып, теңкиіп тосып отырған өйдөйт екен, сары сөмкелі Анаубайдың сәлемін түгендеместен: «Әй, бауырым, бауырларымның ішіндегі тәуірім! Айтарыңды ақтармас бұрын ашарынды ашып таста, мені ешкім баурай алмаған, сенен басқа!» деп тақпақтапты. Әй-дә-ә-ә!.. Екеуі қысып-мытып құшақтасып, сорып-сүйісіп, түн ортасынан ауа қиылып-егіліп айырылысыпты.

Төртінші отағасы иі қанбаған терідей бұртиып-бұлтиып, біразға дейін илікпепті, шалқалап жөткірініп, үйінің төбесіне қарай беріпті, төбеден Анаубайдың тенкиген ақ сөмкесіндегіден

– «Мынауың» не?
– «Мынау» дегенім – өзімнің фамилиям ғой, аға!
– Ә, анауыңды айтып тұр екен десем.
– «Анауыңыз» немене?
– Шошқаша дөңкиіп жатқан сөмкенді айтам!
– Ә, ол сізге... сіздерге...
– Ты что?! Давай, шық үйден! Кругом марш!
– Шықпаймын, аға, шықпайыншы!
– Қара мұны! Республикаға еңбек сіңірген өнертапқыш доктор наук мына мен какой-то саған пацанмын ба?! Давай, шық!
– Шықпаймын! Маған жүлде керек!

МЫНАУ

артық бірдеңе топ-топ етіп түсе қалатындай! Анаубай да ашынып, сөмкесіндегіні әлгі самосвал мәшинеше ақтарып кеп тастапты.

Пәленің бітеуі бесінші мүше бола жаздапты. Есікті ашқан бойжеткен: «Вам кого?» деп қасын ойнатыпты. Ойнамалы қасты да, ойнақтаған көзді де көп көрген Анаубай: «Я – твой брат! Где папа, где мама?» дегенде әлгі бойжеткеннің жалғамалы кірпіктері жалп-жалп құлап, еріндерінің қанқызыл бояуы еріп кетіпті де, өзі жандәрмен: «Па-а-а!» деп қышқырыпты. Бүйірдегі есіктен бұлтың етіп шыға келген доп-домалақ жігіт ағасы басын сипап балпиып тұрған Анаубайға бір, едендегі жалпиған жасыл семкеге бір қарап; «Так, жігітім, сен кімсің и неге келдің?» дейді. «Аға, сізге не бергелі... сәлем бергелі келдім, аты-жөнім – Анаубай Мынау...

– Қайдан келдің?
– Өзіміздің «Қайрат» компаниямыздан, «Қайрау-егеу цехынан келдім, өзіміздің министрліктен, өзіміздің зауыттан келдім, аға, өзіміз...
– Ух, қандай!.. Ладно, давай, шешін! Ух, қандай, а?!
Анауекеңнің тізіміндегі соңғы есіктің қоңырау түймесін түрткені сол-ақ екен, біреу іштен «Кімсің, әй?!» деп шіңк етіпті.
– Анаубаймын!
– Е, Сонечканың байысың ба?!
– Дәл өзімін, жеңгей, дәл өзімін! Мен де сізді тани қойдым!
– Сонечка кеше звонила, да, дұрыс!
– деп жеңгесі есіктен ытқып шығып, Анаубай қайнысының қолындағы қоңыр сөмкені жұлып әкетіп:
– Бара бер, қайта бер!– депті соңғы сөзінде...
Сөйтіп пышақты тас қайрақпен қайрағаннан болат егеумен



қайрау өндіріске өте тиімді екені жиырмасыншы ғасырдың соңындағы соңғы ғылыми жаңалық делініп, аса талантты Анаубай Мынау мырза Темір-қаңылтыр министрлігінің жүлдесін желіп жүріп жеңіп алыпты. Жеңімпаз сол желген күйі теледидар орталығына еніп кетіп, бас арнасының экранына әрең сыйып отырып, сұхбаттасушы тілшіге сұқ саусағын шошайтып, ыржалақтап: «Мен – армансыз адаммын!» деді.

Уәй, мен де ризамын өзіме! Армансыз адаммен бір есікке кіру, бір есіктен шығу дегенің, шырағым, дені дұрыс кісіге де арман емес пе?! Көсе Алдар атамыз көре алмаған армансыз тірі екіаяқтыны көруден үміттеріңіз болса, пожалыста, біздің подъезге келіңіздер!



Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ
(2022 жылғы желтоқсан)


**АСТАНА ҚАЛАСЫНДА
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДА
ТҰҢҒЫШ РЕТ АУТИЗМІ БАР
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
«ШЕКАРАСЫЗ ШЫҢДАР»
АТТЫ СПОРТТЫҚ ҚҰЗҒА
ӨРМЕЛЕУ ФЕСТИВАЛІ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.**

ҚҰЛАШ ҰРЫП ҚҰЗҒА, ШЫҢҒА, АСҚАРҒА...

Игілікті іс-шараның ашылу рәсіміне Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев, бір топ Мәжіліс депутаттары мен меценаттар қатысты. Олар өз сөздерінде біздің қоғамда бірде бір бала жүрек жылуынан тыс қалмай, мемлекеттің аялы алақанын сезінуі керек дегенді атап айтты. Осы шараны ұйымдастыруға ұйтқы болған азаматтар мен ерекше балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға ризашылығын білдірді.

«Шекарасыз шыңдар» фестиваліне «Qadam Special School» орталығында тәрбиеленіп жүрген ерекше балалар қатысып, спорттық дағдыларын паш етті.

Мамандардың айтуынша, құзға өрмелеу – белсенді қимылдап,



Ерекше балаларды осы спорт түріне баулу идеясының қалай пайда болғаны туралы Autism Qadam қорының президенті Айсұлу Мәжен былай дейді:

«2018 жылы аутизмі бар балама шаңғы тебуді үйретіп жүргенде мамандар маған қалада құзға өрмелеу алаңын тапсаңыз жақсы болар еді деп кеңес берді. Себебі мүмкіндігі шектеулі жандарға осы спорт түрінің пайдасы көп екен. 2022 жылы «Vista» спорт клубының басшылығымен уағдаластыққа келіп, арнайы балалар секциясын аштық. Бұл әзірше еліміздегі тұңғыш және



жалғыз секция. Біздің бастама енді жер-жерде қолдау тапса екен дейміз. Сол үшін де осы шараны ұйымдастырып, құзға өрмелеудің арқасында балалардың қандай нәтижеге жеткендерін көпшілікке көрсеткіміз келді.

Айсұлудың пікірін ата-аналар да бірауыздан қолдап, құзға өрмелеудің өмірге деген құштарлықты арттыра түсетінін айтады. Мағрипа Молдабекованың ұлы осы орталыққа ең алғашқылардың бірі болып келген екен.

«Бір жыл сегіз айдың ішінде шаңғы, коньки тебуді және осы құзға өрмелеуді үйрендік. Біздің қуанышымызда шек жоқ. Көп жетістіктерге жеттік. Ұлым қазір орта мектептің бірінші сыныбына барып жүр», – дейді ол.

Балаларға айрықша шаттық пен көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған шараның соңында кішкентай спортшылардың бәріне естелік сыйлықтар табыс етілді.

АБЗАЛ ИБРАГИМ, АСТАНА



бұлшық етті қоғалысқа түсіретін ерекше спорт түрі. Сондай-ақ балалардың бойында ептілікті, төзімділікті, қозғалысты үйлестіруді және логикалық ойлауды дамытады.

**Бас редактор —
директор**

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)